

Астана қаласы әкімдігінің
«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Мектеп Парламентімен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылының
Парламент құрамы

Мектеп президенті - Бажкенов Сержан 10 «Б»

«Құқық және тәртіп» фракциясының құрамы:

1. Даткаев Бағдат – 11 «Ә»
2. Сман Бағжан – 8 «Ә»
3. Бақытжанқызы Мадина – 8 «А»
4. Мейрамхан Аяна – 10 «Ә»
5. Мейірбек Тоғжан – 10 «А»
6. Жақия Илияс – 9 «В»
7. Темер Адема – 8 «Ж»
8. Абдисалимова Алуа – 8 «В»

«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының құрамы:

1. Уәли Дамир – 11 «Б»
2. Алиакпаров Абдурахман – 8 «Ә»
3. Мұқатай Ақерке – 8 «Б»
4. Асқар Заңғар – 10 «Е»
5. Дінмұхамедұлы Мұхаммед – 9 «В»
6. Жаңаөмір Жансая – 10 «Е»
7. Оразхан Күнсұлу – 9 «В»

Экология және еңбек фракциясының құрамы:

1. Шалабеков Нұржан – 10 «Б»
2. Нұрланбек Аймерей – 9 «В»
3. Макажанов Ахмет – 9 «Ә»
4. Әшірбай Кәусар – 10 «Б»
5. Салибаев Айнуддин – 8 «Б»
6. Сарсен Адия – 10 «В»

Медиа фракциясының құрамы:

1. Телхожа Асылжан – 11 «Б»
2. Анварова Дина – 10 «Г»
3. Мырзағалиқызы Медина – 10 «Ә»

4. Садыхан Димаш – 11 «Д»
5. Омарова Томирис – 8 «Б»
6. Жеңісбек Баянды – 9 «Е»
7. Төлеген Назым– 8 «Б»

Жоба фракциясының құрамы:

1. Исағали Инабат – 10 «Б»
2. Көкенова Асем – 10 «В»
3. Каназарова Сабина – 10 «В»
4. Есболат Әли – 9 «Ә»
5. Бекбас Адиа – 10 «Б»
6. Қанатбек Кәусар – 10 «Б»
7. Ибрагимова Аяна – 9 «Е»

EVENT фракциясының құрамы:

1. Шоқпар Әбілмансұр – 10 «Д»
2. Ахметжан Батырхан – 10 «Ә»
3. Бакирова Зарина – 10 «Е»
4. Асқар Амира – 8 «И»
5. Ермек Мадина – 8 «Б»
6. Алмазова Томирис – 9 «Ә»
7. Ергеш Арайлым – 9 «Б»
8. Әбдімүтәлі Семанұр – 8 «Ә»

«Архив және болашақ» жобасы аясында мектебіміздің 8 сынып оқушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне барып «Ашық есік күніне» қатысты. Ұлттық архивтің негізгі қызметі бойынша күнделікті атқарып жатқан жұмыстары туралы және жалпы архив саласы жайындағы мәліметтермен танысты. Архивтің тарихы, қарашаңырақта сақталатын тарихи-мәдени мұралары мен құнды құжаттарын көрді.





3 қазан күні мектеп кітапханасында «Елорда ақпарат» медиасеріктестігінің директоры Олжас Сыдықбек, «Астана ақшамы» газетінің тілшілері Таңатар Төлеуғалиев, Гүлбаршын Өкешқызы, Рахметова Райхан, Индира Бержанова келіп оқушылармен кездесу өткізді. Медиа-кездесудің мақсаты: журналист болуға ниетті жасөспірімдерді қолдап, шығармашылық қабілетін шыңдап, «Мектептегі журналистика» бағдарламасының жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытуға үлес қосып, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру болып табылады. Оқушылар тілшілермен сұхбаттасып, сұрақтарын қойып, журналистика жайлы толық мәлімет алды.



5 қазан күні мектебімізде Мұғалімдер күніне арналған білім алушылардың арасында өзін-өзі басқару «Дублер күні» өткізілді. Мақсаты: Балалар мен ересектердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтік-құзыретті тұлғасын дамыту үшін жағдайлар жасау. Дублер күнін ұйымдастырушылар: 11 сынып оқушылары, мектеп парламенті және педагогикалық ұжым. Әкімшілік 11 сынып оқушылары, Мұғалімдер: 11 сынып оқушылары, 10 сынып оқушылары және мектеп парламенті. Бақылаушылар: пән мұғалімдері және әкімшілік. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелеген міндеттерді өз деңгейінде атқарды. Шараның соңы мерекелік іс-шараға ұласты.

5 қазан мектебімізде «Ұстазым, сізге мың алғыс!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалімдер мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1-11 сыныптар аралығында : «Жарқын жүзді ұстазым», «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» «Ұстаз ұлы тұлға» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстазды құрметтуге оны түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндірді. Мектебіміздің 11 сынып оқушылары концертті әдемі әнмен ашып, әсем би билеп, музыкалық аспаптармен концерттік бағдарламаны паш етті. Мерекелік іс-шарада мектеп директоры Омарова Н.Т. мұғалімдерді кәсіби мерекемен құттықтап, мектебімізді биікке көтеріп жүрген жетістігі мол ұстаздарды алғыс хатпен марапаттады.

2023 жылдың 21 қазанында «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінде» парламентінің Президент сайлауы өтті.

Сайлауға 5-11 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері қатысты.

Сайлау қорытындысы бойынша:

- 1.Бажкенов Сержан -478 дауыс
- 2.Сәрсембек Алуа -390 дауыс
- 3.Бақытжанова Мадина- 204 дауыс
- 4.Жақия Ілияс - 107 дауыс
- 5.Шалабеков Нұржан -57дауыс
- 6.Жеңісбекқызы Баянды-27 дауыс

🏆 Сайлау нәтижесінде 10 сынып оқушысы Бажкенов Сержан жеңіске жетіп мектеп Президенті атанды.



2023 жылдың 15 қарашасында мектебімізде "Өзін-өзі басқару" ұйымы МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІН ҰЛЫҚТАУ рәсіміне арналған салтанатты жиын өткізді. Салтанатты түрде Баженов Сержан президентті ант қабылдап, мектебіміздің министрлері таныстырылып, бұл үкімет мүшелері бірігіп жоғары белестерді бағындыратындықтарына уәде етті. Бұл іс-шараны ұйымдастырудың басты мақсаты - тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін дамытудағы оқушылардың өзін-өзі басқарудағы жаңа моделін қалыптастыру, Жиын соңы 2 «Ж» сынып оқушысы Серкешева Айымның «Отан» атты әсем әнімен аяқталды.



2023 жылдың 27 қазанында Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Астана қаласындағы білім беру ұйымдарының мектепшілік және студенттік Парламент президенттерін ұлықтау рәсімі өтті. Мектеп президенті Баженов Сержан еліміздің нағыз патриоты болуға, белсенділік танытуға және мектеп парламентінің маңызды әлеуметтік жобалары мен бастамаларына қатысушы болуға, салтанатты түрде ант берді.



«Зорлық – зомбылықсыз қоғамды қалай қалыптастыруға болады?»

атты дөңгелек үстел

Біз - тұғыры биік, төрт керегесі тең, егеменді елміз, қылығы таза қыз бен арғымаққа мінер ұл өсірген халықпыз. Ал Тәуелсіз елде зорлық-зомбылыққа жол жоқ! Қоғамда болып жатқан дүниелердің барлығы дерлік отбасынан бастау алады. Сондықтан қоғамды тазарту үшін ең алдымен отбасындағы тәрбиелеу жұмыстары мен сауаттылықты дұрыстауымыз қажет. Ұлт жоспары-бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі "100 нақты қадам" бағдарламасын, соның ішінде құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Бас прокуратурамен "Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан" жоспары қолға алынып, біртіндеп қызмет жұмыстары атқарылуда. Осыған орай Мектеп парламенті «Зорлық – зомбылықсыз қоғамды қалай қалыптастыруға болады?» атты дөңгелек үстел ұйыдастырды. Тақырыпқа байланысты парлаент мүшелері: Мұқатай Ақерке, Омарова Томирис, Телхожа

Амина, Бақытжан Мадина, Абдижалилова Айзада, Ермек Мадина өз баяндамаларн оқып, пікірлерін білдірді.

Қорытындылай келгенде: "Тәрбиесіздік - ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі" деген болатын ұлы бабамыз Әбу насыр әл-Фараби. Сол себепті тәрбиені түзегеніміз - қоғамға дерт емес, абырой алып келер азамат пен азаматша өсіргеніміз. Зорлық-зомбылықтың санын емес, зорлық-зомбылықты жою қамын қарастыруымыз қажет. Сонда ғана, зорлық-зомбылықтың қоршауынан шығамыз. Қысымсыз өскен өскелең ұрпақ - біздің жарқын болашағымыздың кепілі.

